


* Нейрон және оның құрылымы

Орындаған: Тоқсабай А.

Тексерген: Бегмаганбетова А.



Организмдегі ең күрделі құрылым **жүйке жүйесі** болып табылады. Ол өзара тор құра алатын ондаған миллиард жүйке торшаларынан құралған. (адамда жүйке торшаларының жалпы саны *50 миллиардқа* жетеді)

Демек, жүйке жүйесінің құрылымдық және функционалдық негізі- **жүйке торшасы** немесе **нейрон**.

Нейрон деп жүйке торшасы мен оның өсінділерінің жиынтығын айтады.


Жүйке жасушалары-

□ *Нейролеммадан* (плазмолемма)

□ *Нейроплазмадан* (цитоплазма)

□ *Ядро және жасуша денесінен* (перикарион) таралатын өсінділерден құралған.

Жүйке жасушаларының нейроплазмасында базофильді түйіршіктер (*хроматильді зат*) және нейрофибриллалар болады.



Нейрондар құрылысы мен атқаратын қызметіне қарай

3 түрлі болады:

1. *Сезгіш* (бұлар рецепторлар қызметін атқарып қозуды сезім мүшелерінен орталық жүйке жүйесіне жеткізеді)
2. *Байланыстырғыш* (қозуды сезгіш нейрондардан қозғалтқыш нейрондарға өткізеді)
3. *Қозғалтқыш* (қозуды орталық жүйке жүйесіне бұлшық еттер мен бездерге жеткізеді)


Типичная структура нейрона



Жүйке жасушаларының өсінділері қызметіне байланысты: *дендрит* және *аксон(нейрит)* болып 2ге бөлінеді.

Дендрит(қысқа өсінді) – қозуды сыртқы орта немесе организмнің ішкі орта әсерлерінен, басқа нейрониттерден қабылдап, жүйке толқындарын (импульстерін) нейронит денесіне,

Аксон(ұзын өсінді)- жүйке толқынын нейронит перикарионынан басқа нейрониттерге немесе орындаушы мүшелерге өткізеді.



Өсінділердің санына байланысты жүйке жасушалары:

- бірөсінділі (*униполярлы*)
- жалған бірөсінділі (*псевдоуниполярлы*)
- екіөсінділі (*биполярлы*)
- көпөсінділі (*мультиполярлы*) болып ажыратылады.

Униполярлы нейрониттер – жануарлар эмбрионында

Псевдоуниполярлы жүйке жасушалары – жұлын түйіндерінде

Биполярлы нейрониттер – көздің торлы қабығында, ішкі құлақта, иіс сезу мүшесінде

Мультиполярлы нейрониттер – мида, жұлында, көптеген сомалық, вегетативтік жүйке түйіндерінде орналасады.

***Назарларыңызға
РАХМЕТ!)**